



010000, Астана қаласы, Министрліктер Үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

010000, город Астана, Дом министерства
Проспект Мәңгілік Ел, 8, 11 подъезд
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

№ _____

Ш. Д. Камбароваға

(Азаматтардың барлық өтініштерін
қабылдау мен өңдеудің бірыңғай
платформасы)

Құрметті Шолпан Досановна!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, магистр дәрежесі үшін төленетін қосымша ақының төленуіне қатысты Сіздің өтінішіңізді қарап, төмендегіні хабарлайды.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының¹ 8-бабы, 1-тармағына сәйкес мемлекеттік ұйымдарда кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке еңбекақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады, яғни қолданыстағы Азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеудің жүйесіне² (бұдан әрі-Еңбекақы төлеу жүйесі) сәйкес айқындалады.

Еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін 10 еселенген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі-АЕК) мөлшерінде қосымша ақы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, сондай-ақ, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) педагогтеріне белгіленеді.

Көрсетілген қосымша ақы тиісті дипломы болған жағдайда және негізгі жұмыс орны бойынша, яғни негізгі лауазымы бойынша нақты жүктемеге қарамастан белгіленеді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларының³ (бұдан әрі - Қағида) 39-тармағына сәйкес магистр дәрежесі үшін төленетін қосымша ақы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу мерзімі екі жылдан кем емес ғылыми-педагогикалық бағыттағы (7М011 Педагогика және психология, 7М012 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы, 7М013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау, 7М014 Жалпы дамудың пәндік

¹ «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы

² «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы

³ «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығы

мамандандыруымен мұғалімдерді дайындау, 7M015 Ғылыми-жаратылыстану пәндер бойынша мұғалімдер дайындау, 7M016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер дайындау, 7M017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді дайындау, 7M018 Әлеуметтік педагогика мен өзін-өзі тану бойынша мамандар дайындау, 7M019 Арнайы педагогика бойынша мамандар дайындау, 7M021 Өнер, 7M022 Гуманитарлық ғылымдар, 7M023 Тілдер мен әдебиет, 7M031 Әлеуметтік ғылымдар, 7M032 Журналистика және ақпарат, 7M041 Бизнес және басқару, 7M042 Құқық, 7M051 Биологиялық және аралас ғылымдар, 7M052 Қоршаған орта, 7M053 Физикалық ғылымдар, 7M054 Математика және статистика, 7M061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 7M121 Әскери іс, 7M122 Ұлттық қауіпсіздік, 7M123 Қоғамдық қауіпсіздік) дайындау бағдарламалары бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

Өтінішіңізде көрсетілген ақпаратқа сәйкес Сіздің мамандығыңыз (7M01310 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі) 7M013 «Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау» бойынша дайындық бағытына жатқызылған.

Осыған орай, **егер** Сіз мемлекеттік орта білім беру ұйымында бейнелеу өнері және көркем еңбек пәнінің мұғалімі лауазымында негізгі жұмыс орны бойынша, яғни негізгі лауазымы бойынша жұмыс істесеңіз, онда Сізге 10 АЕК мөлшеріндегі магистр дәрежесі үшін төленетін қосымша ақы заңнамада белгіленген тәртіпте белгіленуі тиіс.

Осы жауаппен және әкімшілік іс-әрекет жасау рәсімімен келіспеген жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексінің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

Құрметпен,

Бюджеттік жоспарлау департаменті
директорының орынбасары

А. Шайзада

Орынд.: Дауренбекова Ж.М.
тел.: 8(7172) 74-23-19